

Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 18 наурыздағы № 236-VI ҚРЗ.

Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 32-баптан қараңыз.

Қолданушыларға қолайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң қорғаныс өнеркәсібі, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техника айналымының жекелеген мәселелерін реттейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әскери мақсаттағы жұмыстар – заттай нәтижесі бар, қорғаныс объектілерін жобалауға, салуға, күрделі жөндеуге, қару-жарақ, әскери, автомобиль және арнайы техниканы, техникалық және арнайы құралдарды, цифрлық, телекоммуникациялық және геоақпараттық жүйелерді, автоматтандырылған басқару жүйелерін әзірлеуге, өндіруге (құрастыруға), күрделі жөндеуге, жаңғыртуға байланысты қызмет, сондай-ақ ғылыми зерттеулер және мемлекетте қорғанысты, қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге байланысты өзге де қызмет;

2) әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді отандық беруші (бұдан әрі – жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық беруші) – Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, талап етілетін сападағы әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауға және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуге мүмкіндіктері бар заңды тұлға;

3) әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтер – заттай нәтижесі жоқ, қару-жараққа, әскери, автомобиль және арнайы техникаға, техникалық және арнайы құралдарға техникалық және регламенттелген техникалық қызмет көрсетуге, оларды техникалық куәландыруға және диагностикалауға, техникалық қолдап отыруға, қызмет көрсетуге және жөндеуге, пайдаланылмайтын мүлікті өткізуге, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жоюға және қайта өндеуге байланысты қызмет, сондай-ақ ғылыми зерттеулер және мемлекетте қорғанысты, қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге байланысты өзге де қызмет;

4) әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер) – қару-жарақ, әскери, автомобиль және арнайы техника, техникалық және арнайы құралдар, заттай мүлік және арнайы мүлік, құжаттама, зияткерлік меншік құқығы объектілері, әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді) өндіруге, сынауға арналған жабдық, көрсетілген тауарларға (өнімдерге) жиынтықтауыштар және қосалқы бөлшектер;

5) әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) отандық өндіруші (бұдан әрі – отандық тауар өндіруші) – Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында талап етілетін сападағы әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндіру үшін қажетті өндірістік қуаттары бар заңды тұлға;

6) әскери өкілдіктер – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы орындалған жұмыстардың және әскери мақсаттағы көрсетілген қызметтердің сапасын бақылауды және оларды қабылдап алуды жүзеге асыру үшін меншік нысандарына қарамастан ұйымдарда орналастырылатын оқшауландырылған құрылымдық бөлімшелері;

7) әскери техника – жауынгерлік машиналар, әскери корабльдер (катерлер мен әскери-көмекші кемелер), әскери әуе кемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары жарақтандырылатын корабльдер (катерлер мен басқа да кемелер), әуе кемелері мен басқа да ұшу аппараттары;

8) әскери-техникалық көмек (техникалық жәрдем) – шет мемлекетке (шет мемлекеттен, халықаралық ұйымнан) өтеусіз немесе өзге де жеңілдікті негізде қару-жарақты, әскери техника мен әскери мақсаттағы өзге де тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ техникалық қолдау, мамандарды оқыту бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну (алу);

9) әскери-техникалық ынтымақтастық – мемлекеттердің әскери ұйымдарының қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сондай-ақ олардың қорғаныс өнеркәсібін қолдауға және (немесе) дамытуға байланысты халықаралық қатынастар саласындағы қызмет;

10) әскери-техникалық ынтымақтастық субъектілері – мемлекеттік органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауға және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуге қатысты тиісті қызмет түріне құқығы бар заңды тұлғалар;

11) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері – қойылатын талаптар мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында айқындалатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

12) жаңғырту – орындау нәтижесінде қару-жарақтың, әскери, автомобиль және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың жекелеген тактикалық-техникалық элементтері олардың негізгі мақсаты бұрынғы күйінде сақтала отырып өзгертін, оларда қолданылған техникалық құралдардың және жиынтықтаушы бұйымдардың ескірген үлгілерін жаңа, неғұрлым қазіргі заманғы үлгілермен ауыстырумен (немесе жаңа техникалық шешімдер қолданумен) сипатталатын, үлгінің тактикалық-техникалық сипаттамаларын жақсартуға бағытталған жұмыстар кешені;

13) жөндеу – қару-жарақтың, әскери, автомобиль және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың механизмдерінің, жиынтықтаушы бұйымдарының немесе олардың құрамдас бөліктерінің жарамдылығын немесе жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру, тоқтап қалу себептерін жою және жұмсалған ресурсын қайта қалпына келтіру жөніндегі операциялар кешені;

14) қару-жарақ – жанды күшке, техникалар мен инфрақұрылым объектілеріне зақым келтіруге, құрылыстарды (бекіністерді) бұзуға арналған әртүрлі қару түрлері, кешендер мен жүйелер, көрсетілген құрамдастарды имитациялайтын құралдар, оқ-дәрілер, сондай-ақ жүйелер, құрылғылар, жеткізгіштер мен аспаптар;

15) қару-жарақ пен әскери техниканың айналымы – қару-жарақ пен әскери техниканы әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және өткізу, монтаждау, баптау, жаңғырту, орнату, пайдалану, сақтау, жөндеу және оларға сервистік қызмет көрсету, беру, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу, Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету;

16) қорғаныс өнеркәсібі – жұмыс істеуі қорғаныстық-өнеркәсіптік әлеуетті дамыту мақсатында әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндіруді, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауды және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуді қамтамасыз ететін өнеркәсіп саласы;

17) қорғаныстық-өнеркәсіптік әлеует – отандық тауар өндірушілер мен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілердің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге қажеттіліктерін, сондай-ақ шетелдік тапсырыс берушілердің тапсырыстарын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындауға қабілеттілігі;

18) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен – қоғамдық қатынастары қорғаныс өнеркәсібі саласында туындайтын, меншік нысандарына қарамастан заңды тұлғалардың жиынтығын қамтитын мемлекеттің әскери ұйымының құрамдас бөлігі;

19) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдары – қару-жарақ пен әскери техниканың айналымы саласында лицензиялары бар отандық тауар өндірушілер мен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілер;

20) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын жаңғырту – қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа үлгілерін жасауды, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауды және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуді қоса алғанда, өндірілетін әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің) номенклатурасын кеңейтуге, өндіру тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар өндірісін техникалық қайта жарактандыру, оларды тарту және ендіру жөніндегі жұмыстар кешені;

21) қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер) – азаматтық мақсаттарда пайдаланылатын, бірақ әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер) ретінде пайдаланылуы не кейіннен бейіні өзгертіліп пайдаланылуы мүмкін өнім мен технологиялар;

22) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс – мемлекетте қорғаныс мұқтаждары, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметі, мемлекеттік материалдық резерв, жұмылдыру, ғарыш қызметі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар мен міндеттемелерді орындауы үшін сатып алынатын әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің тізбесін (номенклатурасын) бекітетін Қазақстан Республикасы Үкіметінің құқықтық актісі;

22-1) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган – мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

23) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы – мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың құрамына кіретін әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған өтінімді беретін және тиісті тауарларды (өнімдерді), жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алатын орталық атқарушы орган, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган, олардың ведомстволары;

24) мемлекеттік-қорғаныстық тапсырыстың әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) отандық өндірушілерінің және әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерінің тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – меншік нысандарына

қарамастан әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындайтын және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсететін, біліктілік талаптарына сәйкес келетін заңды тұлғалардың тізбесі;

25) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы – мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауды жүзеге асыратын уәкілетті ұйым және заңды тұлға;

26) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі ғылыми зерттеулер (бұдан әрі – ғылыми зерттеулер) – мемлекеттің қорғаныс қабілетін арттыруға және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған, қару-жарақтың, әскери техниканың, техникалық және арнайы құралдардың жаңа үлгілерін жасау, жарақтандыруда тұрған қару-жарақ пен әскери техниканың үлгілерін жаңғырту саласындағы қолданбалы және іргелі ғылыми зерттеулер, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар;

26-1) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі ғылыми-зерттеу жұмысы – қару-жарақтың, әскери техниканың, техникалық және арнаулы құралдардың жаңа үлгілерін жасау, қару-жарақ пен әскери техниканың жарақтандыруда тұрған үлгілерін жаңғырту саласындағы қолда бар білімді кеңейту және жаңа білімді алу мақсатында ғылыми ізденіспен, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты болатын, мемлекеттің қорғаныс қабілетін арттыруға және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыс;

26-2) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар – қару-жарақ пен әскери техниканы, техникалық және арнаулы құралдарды жасау (жаңғырту) кезінде орындалатын жұмыстар кешені, қару-жарақ пен әскери техниканың, техникалық және арнаулы құралдардың тәжірибелік үлгілеріне арналған конструкторлық-технологиялық құжаттаманы әзірлеу немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушымен келісу бойынша пысықтау немесе түзету, оларды дайындау және сынау;

26-3) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі тәжірибелік үлгі – мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындауға арналған тактикалық-техникалық тапсырмаға (техникалық өзіндік ерекшелікке, тактикалық-техникалық сипаттамаларға) осындай үлгінің сәйкестігін сынаулар жүргізу арқылы тексеру, қабылданған техникалық шешімдердің дұрыстығын тексеру, сондай-ақ қарулануға қабылдау және кейіннен сериялап жасауға беру мүмкіндігін айқындау үшін жаңадан әзірленген, пысықталған немесе түзетілген (жаңғырту мақсатында) конструкторлық-технологиялық құжаттама бойынша тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау барысында дайындалған әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің) үлгісі;

27) мүлікті жою – мемлекет бақылайтын, пайдаланылмайтын мүлікті құртып жіберу, кәдеге жарату, көму жөніндегі қызмет;

28) мүлікті кәдеге жарату – пайдаланылмайтын мүлікті оның ұрысқа тән қасиеттерін пайдалануды немесе тікелей мақсаты бойынша қолдануды болғызбайтын жай-күйге келтіру, сондай-ақ оның құрамдастарын кейіннен пайдалану мақсатында бөлшектеу;

29) мүлікті көму – одан әрі пайдалануға жатпайтын пайдаланылмайтын мүлікті зиянды заттардың қоршаған ортаға түсуін болғызбау мақсатында арнайы белгіленген орындарда оқшаулау;

30) мүлікті қайта өңдеу – пайдаланылмайтын мүлікті тауарларды немесе өзге де өнімді өндіруде (дайындауда) одан әрі пайдаланылатын шикізатты немесе оны өзге де материалдарды ала отырып, оны тікелей мақсаты бойынша пайдалануды болғызбайтын жай-күйге келтіру, сондай-ақ онымен жұмыс істеуді жеңілдету, оның көлемін немесе қауіпті қасиеттерін азайту мақсатында қасиеттерін өзгерту;

31) мүлікті құртып жіберу – пайдаланылмайтын мүлікті толығымен жойып жіберу;

32) оқ-дәрілер – жанды күшке, техникалар мен инфрақұрылым объектілеріне зақым келтіруге, құрылыстарды (бекіністерді) бұзуға тікелей арналған қару-жарақтың құрамдастары, сондай-ақ көрсетілген құрамдастарды имитациялайтын құралдар;

33) пайдаланылмайтын мүлік – қорғаныс объектілерін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қаруланудан шығарылған, тікелей мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз, есептен шығарылған, запаста сақтаудың кепілді мерзімдері өткен, қолданылмайтын басы артық әскери мүлкі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қаруланудан шығарылған, тікелей мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз, есептен шығарылған, запаста сақтаудың кепілді мерзімдері өткен, қолданылмайтын басы артық қаруы, әскери техникасы, арнайы құралдары, жеке қорғану құралдары, радиациялық, химиялық, биологиялық қорғау мүлкі, арнайы мақсаттағы көлік құралдары, арнайы техникалық құралдары, техникалық құралдары;

34) регламенттелген техникалық қызмет көрсету – қару-жараққа, әскери, автомобиль және арнайы техникаға, техникалық және арнайы құралдарға олардың қызмет ету (пайдалану) мерзімі ішіндегі жұмысқа қабілеттілігін немесе жарамдылығын ұстап тұру үшін пайдалану құжаттамасында белгіленген белгілі бір жол жүруден, атқарымнан немесе интервалдан кейін мерзімдік техникалық қызмет көрсету;

35) техникалық куәландыру және диагностикалау – қару-жарақтың, әскери, автомобиль және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың техникалық жай-күйін бағалау және оларды одан әрі пайдалану, жөндеу немесе жаңғырту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау мақсатында жарамсыздықтарды, ақауларды анықтауға бағытталған іс-шаралар кешені;

36) техникалық құралдар – қару-жарақты, әскери және арнайы техниканы қолдануға, оларға қызмет көрсетуге, жөндеуге және оларды сақтауға, оқытуға және тылдық қамтамасыз етуге арналған құралдар, жүйелер, кешендер, құрылғылар, байланыс құралдары, оптикалық және электрондық-оптикалық аспаптар, мемлекеттік құпияларды қорғау, радиоэлектрондық күрес, радиотехникалық және радиоэлектрондық барлау құралдары, сондай-ақ қорғаныс объектілері мен өзге де қорғалатын объектілердің күзетін (байқауды), қорғанысын (диверсияға қарсы қорғанысын) қамтамасыз ететін техникалық күзет құралдары;

37) техникалық қызмет көрсету – қару-жарақты, әскери, автомобиль және арнайы техниканы, техникалық және арнайы құралдарды мақсаты бойынша пайдалану, сақтау және тасымалдау кезінде жөндеуаралық кезеңдегі олардың техникалық даярлығын ұстап тұру және қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешені, оларды өткізу қажеттілігі олардың техникалық жай-күйімен айқындалады;

38) қорғаныс өнеркәсібі саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – қорғаныс өнеркәсібі саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

39) уәкілетті ұйым – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді импорттауды, оқ-дәрілерді қоспағанда, пайдаланылмайтын мүлікті өткізуді (оның ішінде экспорттауды), құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жоюды және қайта өңдеуді, пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру жөнінде қызметтер көрсетуді, қорғаныс өнеркәсібі саласындағы халықаралық көрмелерге қатысуды және оларды Қазақстан Республикасының аумағында ұйымдастыруды жүзеге асыратын заңды тұлға.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 31.03.2021 № 24-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.10.2023 № 33-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-тарау. ҚОРҒАНЫС ӨНЕРКӘСІБІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРҒАНЫСТЫҚ ТАПСЫРЫС САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

3-бап. Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік реттеу

Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік реттеу мыналарды:

- 1) қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуді;
- 2) әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеуді;
- 3) құқықтық реттеуді;
- 4) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен жүзеге асыруды;
- 5) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды ұйымдастыруды, киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуді;
- 6) ұлттық қауіпсіздік саласындағы және қорғаныс саласындағы ғылымды дамытуды ;
- 7) мемлекеттік органдардың және қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының қызметін үйлестіруді;
- 8) халықаралық ынтымақтастықты;
- 9) қару-жарақ пен әскери техниканың айналымын реттеуді;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы өзге де іс-шараларды қамтиды.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-бап. Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері

Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері:

- 1) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешеннің тиімді жүйесін құру;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарын қазіргі заманғы әскери мақсаттағы тауарлармен (өнімдермен), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлармен (өнімдермен), әскери мақсаттағы жұмыстармен және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету;

3) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының ғылыми-технологиялық және өндірістік әлеуетін өнеркәсіптің азаматтық салаларында пайдалану;

4) мемлекетте қорғаныс қабілетін, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті арттыру және нығайту мүдделерінде қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың қазіргі заманғы түрлерін жасауды қамтамасыз ету;

5) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының экспорттық әлеуетін қолдау және одан әрі дамыту;

6) қолданбалы ғылыми зерттеулерді және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамыту және оларды одан әрі коммерцияландыру болып табылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 31.03.2021 № 24-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешеннің республикалық мемлекеттік мекемелерін, ұйымдарын, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

2-1) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 98-бабының 3-1 және 3-2-тармақтарында көзделген талаптарды сақтай отырып, қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын жекешелендіру туралы шешімдер қабылдайды;

3) отандық ғылыми-техникалық әзірлемелерді қаржылық қолдау және қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын жаңғырту мақсатында құрылатын қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді дамыту қорын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

4) Ғылыми зерттеулер жөніндегі қорғаныстық ғылыми-техникалық комиссия (бұдан әрі – Қорғаныстық ғылыми-техникалық комиссия) құрады, ол туралы ережені, сондай-ақ оның құрамын бекітеді;

5) уәкілетті ұйымды айқындайды;

6) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларын бекітеді;

7) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге баға белгілеу қағидаларын бекітеді;

8) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органның ұсынуы бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты бекітеді;

9) меншік нысандарына қарамастан ұйымдарда мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасына бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

10) қару-жарақ пен әскери техниканың, стратегиялық материалдардың, озық технологиялардың және әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің) айналымын, оның ішінде экспорты мен импортын бақылауды ұйымдастырады;

11) қару-жарақ пен әскери техниканың айналымы қағидаларын бекітеді;

11-1) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және оның жекелеген жергілікті жерлерінде төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде құқық қорғау органдары және арнаулы мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар арасында мүлікті беру қағидаларын бекітеді;

12) пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу, сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидаларын бекітеді;

13) алып тасталды - ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Уәкілетті органның функциялары

Уәкілетті орган:

1) өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады;

1-1) мемлекеттің Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары және мемлекеттің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің,

қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қорғаныс өнеркәсібі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

2) бірыңғай әскери-техникалық саясатты және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізуге қатысады;

3) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерімен, басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен қорғаныс өнеркәсібі саласындағы өзара іс-қимылды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

4) мемлекетте қорғаныс мұқтаждарын, қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті, қару-жарақтың, әскери, автомобиль және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың қажетті түрлерімен қамтамасыз етуді ағымдағы және перспективалы жоспарлауды ұйымдастыруға қатысады;

5) әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

6) алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) қорғаныстық-өнеркәсіптік әлеуетті дамыту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді;

8) ведомстволық бағынысты ұйымдардың, сондай-ақ сенімгерлік басқаруындағы ұйымдардың қызметін ұйымдастырады;

9) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарына мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну шешімдерін қабылдайды және тәртібін айқындайды;

10) мемлекеттік білім беру тапсырысына қосу үшін қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдары жүргізетін білікті кадр ресурстарына ағымдағы және перспективалы қажеттіліктердің мониторингін ескере отырып, қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен үшін мамандар даярлау талап етілетін мамандықтардың тізбесін айқындау жөніндегі ұсыныстарды қалыптастырады;

11) мемлекеттік авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымдарды сертификаттау және оларға сертификат беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

12) мемлекеттік авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымдарға қойылатын сертификаттау талаптарын әзірлейді және бекітеді;

13) қару-жарақ пен әскери техниканың айналымы қағидаларын әзірлейді;

13-1) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және оның жекелеген жергілікті жерлерінде төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде құқық қорғау органдары және арнаулы мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар арасында мүлікті беру қағидаларын әзірлейді;

14) қару-жарақ пен әскери техниканы пайдалануға құқығы бар субъектілердің тізбесін әзірлейді;

15) осы Заңның 7-бабының 4) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, қару-жарақ пен әскери техниканың айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

16) пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу, сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүлдіктік жалдауға (жалға) беру қағидаларын әзірлейді;

16-1) оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды кәдеге жарату объектілерінің өндірістік қызметін ұйымдастыру, осы жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпсіздікті және оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды кәдеге жарату объектілерін күзетуді қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

17) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен пайдаланылмайтын мүлікке билік етеді және пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу және құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу және пайдаланылмайтын мүлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына мүлдіктік салым ретінде не акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алу төлеміне беру туралы шешімдер қабылдайды;

18) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыруға қатысады;

19) алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

20) алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

21) алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

22) алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

23) алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

24) алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

25) алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

26) алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

27) алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

28) алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

29) ғылыми зерттеулерді салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

30) әскери мақсаттағы технологиялар бойынша жобаларды іске асыруды үйлестіреді;

31) мүдделі орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен келісу бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

32) мүдделі орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен келісу бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде ғылыми зерттеулердің сараптамасын жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

33) мүдделі орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен келісу бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде мамандандырылған ғылыми бағыттарды әзірлейді;

34) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде мамандандырылған ғылыми бағыттар жөніндегі сараптама кеңестерін (бұдан әрі – сараптама кеңестері) құрады, мүдделі орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен келісу бойынша олардың ережелері мен құрамдарын бекітеді;

35) алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

36) алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

37) ғылыми зерттеулер жүргізуге қатысады;

38) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар әзірлеуді ұйымдастырады және оларды іске асыру бойынша басшылықты жүзеге асырады;

39) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлер мен әскери құралымдардың мұқтаждары үшін пайдаланылатын әскери ұлттық стандарттарды әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, олардың күшін жою және қолданысқа енгізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

40) әскери ұлттық стандарттарды әзірлейді, келіседі, бекітеді, өзгертеді, олардың күшін жояды және есепке алуды жүргізеді;

41) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.10.2023 № 33-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-1-бап. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органның функциялары

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган:

- 1) өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады;
- 2) мемлекеттің Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары және мемлекеттің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;
- 3) Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарымен, арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарымен мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы өзара іс-қимылды ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- 4) мемлекетте қорғаныс мұқтаждарын, қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қару-жарақтың, әскери, автомобильдік және арнаулы техниканың, техникалық және арнаулы құралдардың қажетті түрлерімен қамтамасыз етуді ағымдағы және перспективалы жоспарлауды ұйымдастыруға қатысады;
- 5) әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 6) орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен, олардың ведомстволарымен әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы өзара іс-қимылды ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- 7) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалуын салааралық үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;
- 8) ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметін ұйымдастырады;
- 9) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларын әзірлейді;
- 10) монополияға қарсы органмен келісу бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге баға белгілеу қағидаларын әзірлейді;

11) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) отандық өндірушілерінің және әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерінің тізілімін қалыптастырады, бекітеді және жүргізеді;

12) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыны таңдауды жүзеге асырады;

13) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастырады, оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады және бекітілген мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларға жеткізеді;

14) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушымен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартты жасасады;

15) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қаржыландыруды жүзеге асырады;

16) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органның бюджетінде көзделген жағдайда, шарт сомасының үнемделуі орын алған, ол азайтылған не ұлғайтылған, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың мерзімі ұзартылған кезде жоспарлы кезеңге бөлінген шектерде мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражатын қайта бөлу туралы шешім қабылдайды;

17) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушыларды әскери мақсаттағы тауарлармен (өнімдермен) және қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлармен (өнімдермен) қамтамасыз етеді;

18) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органның бюджетінде көзделген жағдайда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде сатып алынатын әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған

мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің тактикалық-техникалық тапсырмаға (техникалық өзіндік ерекшелікке, тактикалық-техникалық сипаттамаға) сәйкестігін қамтамасыз етеді;

19) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органның бюджетінде көзделген жағдайда, орындалған ғылыми зерттеулер бойынша есептерді бекітеді;

20) мүдделі орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен келісу бойынша тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстардың нәтижелеріне сынақтар жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

21) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 6-1-баппен толықтырылды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-бап. Орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы функциялары

Орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, олардың ведомстволары:

1) қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

2) әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органның бірінші басшысының актісі негізінде мемлекеттік орган шегінде әскери мүлікті береді;

4) өздерінің жедел басқаруындағы қару-жарақ пен әскери техниканың айналымына бақылауды жүзеге асырады;

5) мүлікті пайдаланылмайтын мүлік деп тану туралы шешім қабылдайды;

5-1) оқ-дәрілерді жоюды жүзеге асырады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға береді;

7) қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа үлгілері және сатып алуға ұсынылатындары үшін тактикалық-техникалық сипаттамаларды айқындайды;

8) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларды таңдауды жүзеге асырады және бекітілген мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын оларға жеткізеді;

9) осы Заңның 19-бабының 2-тармағы бірінші бөлігінің 1-1), 2), 3), 7) және 12) тармақшаларында көзделген, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде сатып алынатын әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлейді және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

10) өз құзыреті шегінде мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын орындауды қамтамасыз етеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың тәжірибелік үлгілеріне мемлекеттік сынақтарды ұйымдастырады және жүргізеді және оларды қарулануға, жарактандыруға, жабдықтауға және пайдалануға қабылдау үшін құжаттама дайындайды;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың тәжірибелік үлгілерін қарулануға, жарактандыруға, жабдықтауға және пайдалануға қабылдау үшін құжаттарды дайындауға, оларды сериялап өндіруге беру үшін конструкторлық, техникалық және өзге де құжаттаманы келісуге қатысады;

13) қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың тәжірибелік үлгілерін қарулануға, жарактандыруға, жабдықтауға және пайдалануға қабылдап алуды жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери ұлттық стандарттарды әзірлейді, келіседі, әзірлеуге, өзгертуге және олардың күшін жоюға қатысады;

14-1) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде сатып алынатын әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің тактикалық-техникалық тапсырмаға (техникалық өзіндік ерекшелікке, тактикалық-техникалық сипаттамаға) сәйкестігін қамтамасыз етеді;

14-2) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайда, орындалған ғылыми зерттеулер бойынша есептерді бекітеді;

15) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.11.2021 № 72-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.10.2023 № 33-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Уәкілетті ұйымның функциялары

Уәкілетті ұйым:

1) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау кезінде әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндіру, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау мен әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету үшін сатып алынатын көрсетілген тауарларды (өнімдерді), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық тауар өндірушілер мен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілер жүзеге асыратын импорттауды қоспағанда, мемлекетте қорғаныс мұқтаждарын, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметі, мемлекеттік материалдық резерв, жұмылдыру, ғарыш қызметі үшін қажетті көрсетілген тауарларды (өнімдерді), жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді импорттауды жүзеге асырады;

2) пайдаланылмайтын мүлікті өткізуді (оның ішінде экспорттауды) жүзеге асырады;

3) оқ-дәрілерді қоспағанда, пайдаланылмайтын мүлікті құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жоюды және қайта өңдеуді жүзеге асырады;

4) пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру бойынша қызметтер көрсетуді жүзеге асырады;

5) әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

6) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен өндіретін қару-жарақ пен әскери техниканы халықаралық нарыққа ілгерілетуді жүзеге асырады;

7) әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің халықаралық көрмелеріне, конференцияларына, семинарларына, таныстыру іс-шараларына, демонстрацияларына, сынақтарына қатысады және оларды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасының өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы заңнамасына сәйкес орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен, олардың ведомстволарымен өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылаудың фирмаішілік жүйесін жүзеге асыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

9) мемлекеттік кепілдіктермен берілетін мемлекеттік емес қарыздарды тартады;

10) қарыз шартында көрсетілген ұйымдармен мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалар шеңберінде кейінге қалдыру төлемімен қорғаныс өнеркәсібі саласында әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) сатып алу және беру, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету жөніндегі шарттарды жасасады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 28.12.2022 № 173-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-тарау. ҚОРҒАНЫСТЫҚ-ӨНЕРКӘСПТІК КЕШЕН

9-бап. Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының функциялары

Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдары:

1) қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

2) әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндіруді, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауды және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуді жүзеге асырады;

3) қару-жарақ пен әскери техниканы өндіру қауіпсіздігін, өндірілген қару-жарақ пен әскери техниканы бақылауды, есепке алуды және олардың сақталуын қамтамасыз етеді;

4) өндірілетін, дайындалатын әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы орындалатын жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге қатысты сыртқы сауда қызметін жүзеге асырады;

5) қорғаныстық-өнеркәсіптік әлеуетті дамыту жөніндегі іс-шараларды орындауға қатысады;

6) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс іс-шараларының құнын қалыптастырады;

7) басым тәртіппен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындайды және (немесе) орындауға қатысады;

8) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты, шарттар бойынша міндеттемелерді орындау кезінде әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндіру, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету үшін, сондай-ақ экспортқа беруді жүзеге асыру үшін тауарларды (өнімдерді), оның ішінде әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді импорттауды жүзеге асырады;

9) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенде ғылыми және ғылыми-техникалық, оның ішінде өндірісті кеңейту, реконструкциялау және техникалық қайта қаруландыру жөніндегі жобаларды іске асыруды жүзеге асырады;

10) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес ғылыми зерттеулер жүргізеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық стандарттарды әзірлейді және әзірлеуге қатысады;

12) білікті кадр ресурстарына ағымдағы және перспективалы қажеттіліктердің мониторингін жүргізеді;

13) Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарларында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

10-бап. Қорғаныс өнеркәсібі саласындағы қызметті мемлекеттік қолдау шаралары

1. Қорғаныс өнеркәсібі саласындағы қызметті мемлекеттік қолдау қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарына қаржылық, ақпараттық-консультациялық қолдау ұсыну, кадр әлеуетін дамытуды қолдау, сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруды қолдау, мемлекеттік преференциялар беру мен осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де қолдау шараларын ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында қорғаныс өнеркәсібі саласындағы қызметті мемлекеттік қолдау шараларын қолдану ерекшеліктері белгіленуі мүмкін.

3. Қорғаныс өнеркәсібі саласындағы қызметті мемлекеттік қолдау шараларын қолдану:

1) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының қазіргі заманғы қару-жарақ пен әскери техниканы әзірлеуге, өндіруге, жөндеуге, жаңғыртуға дайындығын қамтамасыз ету;

2) қазіргі заманғы қару-жарақ пен әскери техниканы өндіру үшін өнеркәсіптік инфрақұрылымды құру;

3) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орналастыру және орындау рәсімдерін жетілдіру;

4) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік меншікті басқару тиімділігін арттыру қажеттілігі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

11-бап. Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын қаржылық қолдау

1. Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын қаржылық қолдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін нысандарда ұсынылады.

2. Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын қаржылық қолдау:

1) екінші деңгейдегі банктердің және басқа да қаржы ұйымдарының қарыздар беруі жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау;

2) мемлекеттік бюджеттен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден субсидиялау;

3) негізгі қорларды жаңғыртуға және жаңартуға, өндірісті техникалық қайта қаруландыруға, қазіргі заманғы технологиялар мен жабдықты ендіруге, жаңа өндірістерді ұйымдастыруға, жаңа технологияларды сатып алуға бағытталған инвестициялық жобаларды мемлекеттік қаржыландыру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтық және кедендік жеңілдіктерді беру;

5) шетелдік берушілермен мәмілелер бойынша шығыстарды Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен бағамдық айырма бойынша өтеу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік емес қарыздарды тарту үшін мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекеттің кепілгерліктерін беру;

7) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының кәсіпкерлікті қолдауға және дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға қатысуы;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қаржылық қолдаудың өзге де шараларын ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

12-бап. Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын ақпараттық-консультациялық қолдау

Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын ақпараттық-консультациялық қолдау:

1) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді дамыту үшін қажетті ақпарат қамтылған анықтамалықтар, каталогтар, бюллетеньдер, дерекқорлар шығару және (немесе) жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді дамыту үшін қажетті ақпаратты орналастыру;

3) көрмелер, конференциялар, семинарлар, таныстыру іс-шараларын, демонстрациялар өткізуді ұйымдастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды өткізуге жәрдем көрсету арқылы жүзеге асырылады.

13-бап. Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының кадр әлеуетін дамытуды қолдау

Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының кадр әлеуетін дамытуды қолдау:

1) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының жұмыскерлеріне ақпараттық, консультациялық қолдау ұсыну;

2) меншік нысандарына қарамастан ұйымдармен, оның ішінде шетелдік ұйымдармен де қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдары жұмыскерлерінің тәжірибе алмасу, тағылымдамадан өту, оларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру мәселелері бойынша келісімдерге қол жеткізу;

3) техникалық жоғары оқу орындары түлектері арасынан оларды қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарында кейіннен жұмысқа орналасу мүмкіндігімен, персоналды іріктеуді жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау;

4) уәкілетті орган ұсынатын мәліметтердің негізінде қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдары үшін мамандар даярлау талап етілетін мамандықтарды мемлекеттік білім беру тапсырысына қосу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кадр әлеуетін дамытуды қолдаудың өзге де шараларын көрсету арқылы жүзеге асырылады.

14-бап. Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының сыртқы экономикалық қызметін қолдау

Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының сыртқы экономикалық қызметін қолдау әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді шет мемлекеттердің нарықтарына ілгерілетуді ұйымдастыру, сондай-ақ шетелдегі қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы жүзеге асырылады.

15-бап. Қару-жарак пен әскери техника айналымының ерекшеліктері

1. Қазақстан Республикасының аумағында қару-жарак пен әскери техниканың айналымы осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қару-жарак пен әскери техниканы әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және өткізу, монтаждау, баптау, жаңғырту, орнату, пайдалану, сақтау, жөндеу және оларға сервистік қызмет көрсету, сондай-ақ құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген қару-жарак пен әскери техниканың бірлігінде таңбалау белгілемесі болуға тиіс.

4. Қару-жарак пен әскери техниканы сатып алуды уәкілетті ұйым, тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қару-жарак пен әскери техниканы пайдалануға құқығы бар субъектілер және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес қару-жарак пен әскери техниканы сатып алуға құқығы бар субъектілер жүзеге асырады.

Қару-жарак пен әскери техниканы сатып алу мемлекеттік материалдық резерв үшін де жүзеге асырылады.

5. Қару-жарак пен әскери техниканы өткізуді уәкілетті ұйым және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес қару-жарак пен әскери техниканы өткізуге құқығы бар субъектілер жүзеге асырады.

Қару-жарак пен әскери техниканы, қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын және (немесе) уәкілетті ұйымды қоспағанда, Қазақстан Республикасының рұқсаттар

және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес қару-жарақ пен әскери техниканы сатып алуға және өткізуге құқығы бар субъектілер арасында өткізуге жол берілмейді.

Қару-жарақ пен әскери техника түріндегі пайдаланылмайтын мүлікті өткізу осы Заңның 16-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Қару-жарақ пен әскери техника міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің нысаналары болып табылмайды.

7. Қару-жарақ пен әскери техниканы Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Азаматтық және қызметтік қару айналымының тәртібі Қазақстан Республикасының жекелеген қару түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау саласындағы заңнамасында реттеледі.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. Пайдаланылмайтын мүлік айналымының ерекшеліктері

1. Уәкілетті орган пайдаланылмайтын мүлікке мемлекеттік органдар мүлікті пайдаланылмайтын мүлік деп тану туралы шешім қабылдағаннан кейін билік етеді.

2. Пайдаланылмайтын мүлік пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу, сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидаларына сәйкес беріледі, өткізіледі, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жойылады және қайта өңделеді.

3. Қару-жарақ пен әскери техниканы қоспағанда, пайдаланылмайтын мүлік Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен бағалануға жатады.

Қару-жарақ пен әскери техника түріндегі өткізілетін пайдаланылмайтын мүліктің бастапқы бағасы баланстық құны негізге алына отырып айқындалады.

4. Қару-жарақ пен әскери техника түріндегі пайдаланылмайтын мүлікті қару-жарақ пен әскери техниканы сатып алуға құқығы бар субъектілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шетелдік заңды тұлғаларға өткізу жүзеге асырылады.

Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының өзге де тең жағдайларда қару-жарақ пен әскери техника түріндегі пайдаланылмайтын мүлікті артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

Қару-жарақ пен әскери техника түріндегі пайдаланылмайтын мүлік оны экспорттау шартымен жабық тендерлер немесе аукциондар өткізу арқылы өткізіледі.

Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарында жөндеуді және (немесе) жаңғыртуды талап ететін, қару-жарақ пен әскери техника түріндегі пайдаланылмайтын

мүлікті жөндеуге және (немесе) жаңғыртуға мүмкіндіктері болған кезде, көрсетілген мүлік пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу, сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидаларына сәйкес оларды жөндеудің және (немесе) жаңғыртудың міндетті шартымен өткізіледі.

5. Пайдаланылмайтын мүлікті уәкілетті ұйым өткізеді.

6. Пайдаланылмайтын мүлікті өткізуден алынған қаражат республикалық бюджетке жіберіледі.

Пайдаланылмайтын мүлікті өткізу бойынша сауда-саттықтарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу, сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидаларына сәйкес сатып алушының қаражаты есебінен жүргізіледі.

7. Пайдаланылмайтын мүлікті құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7-1. Пайдаланылмайтын деп танылған оқ-дәрілерді жою мүмкіндігі болмаған кезде не пайдаланылмайтын деп танылған оқ-дәрілерді одан әрі сақтау нақты қауіп төндірген кезде уәкілетті орган оларды жою туралы шешім қабылдайды.

Пайдаланылмайтын деп танылған оқ-дәрілерді жоюдың нақты қауіптілік өлшемшарттары, сондай-ақ тәртібі пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу, сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидаларында белгіленеді.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.11.2021 № 72-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы құқықтық реттеу

Әскери-техникалық ынтымақтастық Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

18-бап. Әскери-техникалық ынтымақтастық салалары мен нысандары

1. Әскери-техникалық ынтымақтастықты әскери-техникалық ынтымақтастық субъектілері мынадай салаларда жүзеге асырады:

1) әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өзара жеткізулерді, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауды және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуді, сондай-ақ халықаралық шарттың тараптары болып табылатын мемлекеттердің заңнамасында әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы)

тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге жатқызылатын кез келген басқа тауарды (өнімді), жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді өзара жеткізулерді жүзеге асыру;

2) әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) әзірлеу, өндіру, жөндеу, жаңғырту, жою және қайта өңдеу жөнінде бірлескен кәсіпорындар, бірлескен өндірістер құру;

3) қорғаныс өнеркәсібі саласында ғылыми зерттеулер жүргізу;

4) қару-жарақ пен әскери техниканы стандарттау және біріздендіру, халықаралық шарттардың тараптары болып табылатын мемлекеттердің қарулы күштерін, басқа да әскерлерін, әскери құралымдарын, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарын метрологиялық қамтамасыз ету саласында өзара іс-қимыл жасау;

5) әскери-техникалық кадрларды даярлау және оқыту;

6) әскери-техникалық ынтымақтастық шеңберіндегі жарнамалық-көрмелік қызмет, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техниканың көрмелері мен демонстрациялық байқауларын өткізу;

7) қару-жарақтың, әскери, автомобиль және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың үлгілеріне бірлескен сынақтар жүргізу;

8) өздеріне қатысты халықаралық шарттардың тараптары болып табылатын мемлекеттердің әскери-техникалық ынтымақтастық субъектілері арасындағы уағдаластыққа қол жеткізілетін әскери-техникалық ынтымақтастықтың өзге де салалары.

2. Әскери-техникалық ынтымақтастықтың нысандары:

1) халықаралық шарттар жасасу;

2) әскери-техникалық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі үкіметаралық комиссиялардың отырыстарын өткізу;

3) әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

4) келісімдердің (келісімшарттардың) тараптары болып табылатын мемлекеттердің заңнамасына сәйкес уәкілетті органдар және (немесе) уәкілетті ұйымдар арасында келісімдер (келісімшарттар) жасасу;

5) әскери-техникалық ынтымақтастықтың нақты мәселелері бойынша консультациялар өткізу, мамандар шақыру, тәжірибе және ақпарат алмасу;

6) әскери-техникалық көмек (техникалық жәрдем) алу (көрсету);

7) өздеріне қатысты халықаралық шарттардың тараптары болып табылатын мемлекеттердің әскери-техникалық ынтымақтастыққа қатысушылары арасындағы уағдаластыққа қол жеткізілетін әскери-техникалық ынтымақтастықтың өзге де нысандары.

3. Шет мемлекетке немесе халықаралық ұйымға әскери-техникалық көмек (техникалық жәрдем) көрсету, оның ішінде Қазақстан Республикасы ратификациялаған

халықаралық шарттарға сәйкес өтеусіз немесе өзге де жеңілдікті негізде жүзеге асырылады.

Шет мемлекеттен немесе халықаралық ұйымнан әскери-техникалық көмек (техникалық жәрдем) алу Қазақстан Республикасының келісімдері, келісімшарттары, халықаралық шарттары негізінде жүзеге асырылады.

4-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРҒАНЫСТЫҚ ТАПСЫРЫС

19-бап. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс, оның құрамы мен мазмұны

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, осы баптың 2-тармағында көрсетілген әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді сатып алу мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде де, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен де сатып алады.

Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары өздерінің бюджеттік өтінімдері құрамында мемлекеттік қорғаныстық тапсырысқа енгізуге жататын әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің тізбесін айқындайды.

Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарының мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қаржыландыруы Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарының бюджеті есебінен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың құрамына мыналар кіреді:

1) қару-жарақты, әскери, автомобиль және арнайы техниканы, арнайы құралдарды әзірлеу, өндіру (құрастыру), беру, жаңғырту;

1-1) қару-жараққа, әскери техникаға, автомобиль техникасына және арнаулы техникаға, арнаулы құралдарға қосалқы бөлшектер мен жиынтықтауыштарды әзірлеу, жасау (құрастыру), жаңғырту және беру;

2) қару-жарақты, әскери, автомобиль және арнайы техниканы жөндеу, оларға техникалық және регламенттелген техникалық қызмет көрсету, техникалық қолдап отыру, техникалық куәландыру және диагностикалау;

3) техникалық құралдарды әзірлеу, жаңғырту, өндіру (құрастыру), беру, монтаждау, жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету және қолдап отыру, техникалық куәландыру және диагностикалау;

4) пайдаланылмайтын қару-жаракты, әскери техниканы, техникалық және арнайы құралдарды құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу;

5) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері және Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері үшін заттай және арнайы мүлікті, жеке қорғану құралдарын өндіру;

6) ғылыми зерттеулер;

7) қорғаныс объектілерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу, оларды салу және күрделі жөндеу;

8) қаптаманы өндіру, әзірлеу және беру;

9) әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) мемлекеттік материалдық резервке беру;

10) қорғаныс мақсаттарында ғарыш жүйелері мен ғарыш объектілерін әзірлеу, жаңғырту, өндіру, беру, монтаждау, жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету және қолдап отыру, техникалық куәландыру және диагностикалау, техникалық пайдалану және кәдеге жарату;

11) қорғаныс мақсаттарында ғарыштық және спутниктік навигациялық көрсетілетін қызметтер;

12) автоматтандырылған басқару жүйелері кешендерін, сондай-ақ оларға қосалқы бөлшектер мен жиынтықтауыштарды әзірлеу, өндіру, беру, оларға техникалық қызмет көрсету, жөндеу, жаңғырту, техникалық қолдап отыру.

Осы тармақтың 1-1), 2), 3), 7) және 12) тармақшаларында көзделген әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің тізбесін уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындайды.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген тізбеге енгізілмеген әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылар уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен сатып алады.

3. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыста мыналар қамтылуға тиіс:

1) берілетін әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің тізбесі (номенклатурасы) және көлемі, сондай-ақ оларды беру, орындау, көрсету мерзімдері;

2) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың және әскери мақсаттағы тауардың (өнімнің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауардың (өнімнің), әскери

мақсаттағы жұмыс пен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтің бір бірлігі үшін, сондай-ақ өткізу бөлімдері мен кезеңдері бойынша болжамды жалпы құны (бағасы);

3) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың тізбесі;

4) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылардың тізбесі.

4. Осы Заңның 23-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда бекітілген мемлекеттік қорғаныстық тапсырысқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілмейді.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.10.2023 № 33-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-бап. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру және орналастыру

1. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың жобасы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, осы Заңға және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, мемлекеттік органдардың даму жоспарларына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен міндеттемелеріне сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың өтінімдері бойынша қалыптастырылады.

Республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес тиісті жоспарлы кезеңге арналған мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың жобасы әзірленеді.

2. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылар әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге тактикалық-техникалық тапсырманы (техникалық өзіндік ерекшелікті, тактикалық-техникалық сипаттамаларды) ұлттық стандарттарға сәйкес қалыптастырады.

Ұлттық стандарттар болмаған жағдайда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылар сатып алуға ұсынылатын әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге тактикалық-техникалық тапсырманы (техникалық өзіндік ерекшелікті, тактикалық-техникалық сипаттамаларды) өз бетінше қалыптастырады.

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылар тактикалық-техникалық тапсырманы (техникалық өзіндік ерекшелікті, тактикалық-техникалық сипаттамаларды) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органға әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) беру, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету орындарын көрсете отырып жібереді.

Егер осы баптың 7-тармағында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган тізілімге енгізілген ұйымдармен

тактикалық-техникалық тапсырмаларды (техникалық өзіндік ерекшелікті, тактикалық-техникалық сипаттамаларды) өңдеу жөніндегі жұмысты жүргізеді.

3. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының тізбесінде Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес жаңарту тәртібімен шығарылатын, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының талаптарына сәйкес келетін әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер) болған кезде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушыларға беріледі, бұл ретте көлік шығыстары мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының есебінен жүзеге асырылады.

4. Тізілімге енгізілгендер қатарынан мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларды таңдауды мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндірудің, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындаудың және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетудің қажетті шарттарын қамтамасыз ету мүмкіндіктерін, талап етілетін сападағы әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндіру, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету қабілетін негізге ала отырып, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларында айқындалған тәртіппен конкурстық негізде жүргізеді.

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларды таңдау рәсімін өткізген уақытта конкурстық комиссия отырысына аудио-, бейнетіркеумен конверттерді (баға ұсыныстарын) ашу және комиссия мүшелерінің отырыс хаттамасына қол қоюы кезінде қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының конкурсқа қатысатын өкілдері қатысуға құқылы.

Тізілімге енгізу және тізілімнен алып тастау тәртібі, заңды тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары және тізілімге енгізу үшін қажетті құжаттардың тізбесі мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларында белгіленеді.

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істеу қажеттілігі болған кезде тізілімге енгізілген заңды тұлғалардың оларды қорғау үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету мүмкіндігі ескеріледі.

5. Тізілімнен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыны айқындау мүмкін болмаған жағдайда уәкілетті ұйым мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы деп танылады.

6. Уәкілетті ұйымның әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) беруі (импорттауы), әскери

мақсаттағы жұмыстарды орындауды мен әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуді қамтамасыз етуі мүмкін болмаған кезде бұл іс-шара мемлекеттік қорғаныстық тапсырысқа енгізілмейді және көрсетілген тауарлар (өнімдер), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес сатып алынады немесе бұл іс-шараға бөлінген бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде өзге іс-шараларға қайта бөлінуі мүмкін.

7. Әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы тауарларды (өнімдерді) мемлекеттік материалдық резервке беру бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыны таңдау мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері мен жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдардың қатарынан мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінде және жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдарда талап етілетін сападағы әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндіру немесе беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) мемлекеттік материалдық резервке беру бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыны таңдау осы баптың 4, 5 және 6-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Осы баптың ережелері ғылыми зерттеулерге қолданылмайды.

9. Осы баптың 3, 4, 5, 6 және 7-тармақтарының ережелері Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарына қолданылмайды. Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларды таңдауды мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

10. Тіркелу орны бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін офшорлық аймақтардың тізбесіне енгізілген мемлекет немесе аумақ болып табылатын не бенефициарлық меншік иесі офшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлға болып табылатын заңды тұлға мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы және (немесе) әскери мақсаттағы импорттық тауарларды (өнімдерді) беруші бола алмайды.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.10.2023 № 33-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

21-бап. Ғылыми зерттеулерге мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру ерекшеліктері

1. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс жобасына енгізу үшін ғылыми зерттеулерді таңдауды сараптама кеңестері берген ғылыми зерттеулер бойынша қорытындылардың негізінде Қорғаныстық ғылыми-техникалық комиссия жүзеге асырады.

2. Қорғаныстық ғылыми-техникалық комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Қорғаныстық ғылыми-техникалық комиссияның құрамы орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, олардың ведомстволары, ғылыми ұйымдар, қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдары және ғылыми қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің, жетекші ғалымдардың қатарынан қалыптастырылады және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімімен бекітіледі.

Қорғаныстық ғылыми-техникалық комиссияның міндеттері:

1) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде қорғаныс өнеркәсібінің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметін дамытуға бағытталған стратегиялық міндеттер мен басымдықтарды қалыптастыру;

2) мамандандырылған ғылыми бағыттарды қарау және мақұлдау;

3) ғылыми зерттеулерді республикалық бюджеттен қаржыландыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау;

4) орындалған ғылыми зерттеулер бойынша есептерді қарау.

3. Ғылыми зерттеулерге мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру осы Заңда, сондай-ақ мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында айқындалады.

4. Сараптама кеңестері мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде ғылыми зерттеулерге сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес ғылыми зерттеулер бойынша, сондай-ақ орындалған ғылыми зерттеулер бойынша есептерге сараптама жүргізеді.

5. Сараптама кеңестері алқалы органдар болып табылады және Қорғаныстық ғылыми-техникалық комиссия мақұлдаған мамандандырылған ғылыми бағыттар бойынша құрылады.

6. Сараптама кеңестерінің құрамдары құзыретті қазақстандық ғалымдар, орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының, ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың, қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының, ғылыми ұйымдардың, жоғары оқу орындарының, ғылыми қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатарынан қалыптастырылады және оларды уәкілетті орган бекітеді.

7. Ғылыми зерттеулер жүргізу мерзімі ғылыми зерттеулерге арналған тактикалық-техникалық тапсырма негізге алынып айқындалады.

8. Сыналуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілетін мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі тәжірибелік үлгі тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижесі болып табылады.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.10.2023 № 33-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-бап. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт

1. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы мен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы арасында жасалған мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндірудің, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындаудың және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетудің бүкіл кешенін орындауға да, осы тауарлардың (өнімдердің), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлеріне де жасалады.

2. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт бойынша берілетін әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасы нормативтік және техникалық құжаттаманың, тактикалық-техникалық тапсырманың (техникалық өзіндік ерекшеліктің, тактикалық-техникалық сипаттаманың) талаптарына және шарт талаптарына сәйкес келуге тиіс.

3. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстарды және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді сатып алған жағдайда, орындалу ұзақтығына байланысты оларды беру (орындау, көрсету) мерзімі келесі қаржы жылында (кейінгі қаржы жылдарында) көзделсе, бір қаржы жылынан астам мерзімге жасалуы мүмкін.

4. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартта шарттың нысанасы, шарттың қолданылу мерзімдері және (немесе) шарттың жекелеген кезеңдерінің мерзімдері, шарттың және аванс болған жағдайда, оның сомалары, сапаны бақылау талаптары, қабылдап алу талаптары, беру (орындау, көрсету) орны мен мерзімдері, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері, шартты бұзу немесе тоқтату үшін негіздер, тараптардың жауаптылығы және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де талаптар көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыға Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты бекіту туралы тиісті актісі қабылданған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартты жібереді.

6. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартқа мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы шарт келіп түскен күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде қол қоюға тиіс.

7. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартты жасасудан мынадай жағдайларда:

1) егер талап етілетін әскери мақсаттағы тауар (өнім), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауар (өнім) өндірістен алып тасталса;

2) халықаралық санкциялар, эмбарго жарияланса, еңсерілмейтін күштің мән-жайлары туындаса;

3) егер шартқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық өзіндік ерекшелік мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыны таңдаудың жүзеге асырылуына негіз болған тактикалық-техникалық тапсырмаға (техникалық өзіндік ерекшелікке, тактикалық-техникалық сипаттамаға) сәйкес келмесе, бас тартуға құқылы.

8. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартта осы шарт бойынша міндеттемелер орындалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) бергені, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындағаны не әскери мақсаттағы қызметтерді көрсеткені үшін толық төлем жасау туралы талаптар қамтылуға тиіс.

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартта Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес қосылған құн салығын төлеу талаптары қамтылуға тиіс.

9. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы мен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп саналады.

10. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайларда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) республикалық бюджетке есепке жатқызылады.

11. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартты орындаған кезде әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы қызметтердің атауы, саны, сапасы, техникалық өзіндік ерекшелігі, құны, оларды беру, орындау, көрсету орны мен мерзімдері шарттың мазмұнына сәйкес келуге тиіс.

12. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы мен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартты жасасудан бас тарту, уақтылы жасаспау және бұзу, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) беру, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету мерзімдерінің бұзылғаны туралы ақпаратты мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органға дереу жеткізеді.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.11.2021 № 72-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.10.2023 № 33-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

23-бап. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіздер

1. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге мынадай:

1) егер өзгерістер мен толықтырулар бекітілген мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың бюджетін ұлғайтуға алып келмесе, осы баптың 2-тармағында көрсетілген ;

2) бекітілген мемлекеттік қорғаныстық тапсырысқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілген;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартқа сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың мазмұнын өзгертуге алып келмейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларда жол беріледі.

2. Бекітілген мемлекеттік қорғаныстық тапсырысқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізбей, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартқа осы баптың 1-тармағына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізуге мынадай :

1) әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери

мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге бағаны және тараптардың өзара келісуі бойынша қабылданған шарт сомасын азайту бөлігінде өзгеріс енгізілген;

2) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушымен келісу бойынша тараптар қабылдаған міндеттемелерді орындау мерзімдері өзгермеген кезде тактикалық-техникалық тапсырмаларға (техникалық өзіндік ерекшеліктерге, тактикалық-техникалық сипаттамаларға) өзгеріс енгізілген;

3) жасалған шартта көрсетілген тауардың (өнімнің), жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бір бірлігі үшін баға және міндеттемелерді орындау мерзімдері өзгермеген кезде, сатып алынатын әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы орындалатын жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің көлемінде мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының қажеттілігінің азаюына не ұлғаюына байланысты шарт сомасы азайтылған не ұлғайтылған;

4) егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға өзгеріс енгізілсе және осындай өзгеріс сомасына қосымша ақша бөлу туралы шешім қабылданса, сондай-ақ егер қару-жарақ пен әскери техникадан ақау анықтау процесінде қосымша жұмыстар және (немесе) ауыстыруды қажет ететін жөндеуге жарамсыз агрегаттар анықталса, шарт сомасы ұлғайтылған;

5) Қазақстан Республикасының салық, кеден және өзге заңнамасының, сондай-ақ резиденті мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушымен, уәкілетті ұйыммен немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушымен шарт жасасқан мемлекеттің ұлттық заңнамасының өзгеруінен туындаған, шарт сомасы азайтылған немесе ұлғайтылған;

6) жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарының базалық шығыстары өзгерген жағдайда, шарттың жалпы сомасы өзгерместен ағымдағы қаржы жылынан асатын қолданылу мерзімі бар шарттың ағымдағы қаржы жылына арналған сомасы өзгертілген;

7) егер мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы өзімен жасалған шартты орындау процесінде әскери мақсаттағы тауардың (өнімнің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауардың (өнімнің), әскери мақсаттағы жұмыс пен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтің бір бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартымен міндеттемелерді орындау мерзімдері өзгермеген кезде оларды жақсартатын сапалық және (немесе) техникалық сипаттамаларды ұсынған;

8) еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы жағдайында тараптардың өзара келісуі бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың орындалу мерзімі өзгертілген жағдайларда жол беріледі.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.10.2023 № 33-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24-бап. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау

1. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс басым тәртіппен орындалуға міндетті. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың көлемдері мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты өткізуге бөлінетін қаржы құралдарымен айқындалады.

2. Ұйымдарда әскери өкілдіктер құрылмайтын жағдайларда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға жасалған шартта белгіленген шектерде берілетін әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер), әскери мақсаттағы орындалатын жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтер сапасын бақылауды және оларды қабылдап алуды жүзеге асыратын өз өкілдерін оларға жіберуге құқылы.

Аталған өкілдерге осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген құқықтар мен міндеттер қолданылады.

3. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалуына және Қазақстан Республикасының заңнамасына және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға жасалған шартқа сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде берілетін әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер) және қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтер сапасының сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыру үшін өз өкілдерін мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларға жіберуге құқығы бар.

Аталған өкілдерге осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген құқықтар мен міндеттер қолданылады.

4. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылар болып табылатын, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері және жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдар жаңарту мақсатында мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау үшін мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын пайдаланады.

Бұл ретте мемлекеттік материалдық резервтің пайдаланылған материалдық құндылықтарының жалпы көлемі сақтауға берілген нақты қолда бар материалдық құндылықтардың отыз пайызынан аспауға тиіс.

Мемлекеттік материалдық резервке материалдық құндылықтарды кейіннен салуды мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері және жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдар мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау үшін материалдық құндылықтар пайдаланылған күннен бастап он екі ай ішінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасына және оларды сақтау көлемдеріне сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарымен операциялар жүргізу қағидаларында айқындалады.

5. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс бойынша міндеттемелерді қабылдау және төлемдерді жүзеге асыру мемлекеттік құпиялардың қорғалуы қамтамасыз етіле отырып, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес шығыстардың экономикалық сыныптамасының бір өзіндік ерекшелігі бойынша көрсетіліп, қаржыландырудың ерекше тәртібі бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-бап. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың функциялары

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылар:

1) штат санының лимиті негізінде және белгіленген тәртіппен бекітілетін нормалар бойынша орталық атқарушы органдарды, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды, олардың ведомстволарын материалдық-техникалық қайта жарақтандыру перспективаларын негізге ала отырып, мемлекетте қорғанысты, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін қажетті әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтер қажеттілігіне өтінімдер береді;

2) мақұлданған мамандандырылған ғылыми бағыттар шеңберінде қажетті ғылыми зерттеулерге өтінімдер береді;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының құпияландыруына жататын мәліметтер тізбесіне сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс мәліметтерінің құпиялылық дәрежесін айқындайды;

4) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларға жеткізеді;

5) сатып алуға ұсынылатын әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге тактикалық-техникалық тапсырманы (техникалық өзіндік ерекшелікті, тактикалық-техникалық сипаттамаларды) әзірлейді және бекітеді;

6) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартты жасасады, сондай-ақ әскери

мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді қабылдап алуды жүзеге асырады;

7) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органның бюджетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қаржыландыруды және оның орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

8) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалуына және Қазақстан Республикасының заңнамасына және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға жасалған шартқа сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде берілетін әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтер сапасының сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыру үшін өз өкілдерін мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларға жібереді;

9) әскери өкілдік болмаған кезде мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың талаптарына сәйкес әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді қабылдап алуды жүзеге асырады;

10) әскери өкілдік болған кезде әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасын растайтын куәліктің негізінде мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың талаптарына сәйкес атау, номенклатура және жинақталым бойынша әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді қабылдап алуды жүзеге асырады;

11) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген болса, шарт сомасының үнемделуі орын алған, ол азайтылған не ұлғайтылған, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың мерзімі ұзартылған кезде жоспарлы кезеңге бөлінген шектерде мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражатын қайта бөлу туралы шешім қабылдайды;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

26-бап. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылардың функциялары

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылар:

1) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органның сұрау салулары бойынша өз қызметі туралы ақпарат береді;

2) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың тактикалық-техникалық тапсырмаларының (техникалық өзіндік ерекшеліктердің, тактикалық-техникалық сипаттамалардың) жобаларын қарайды және әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге тактикалық-техникалық тапсырмаға (техникалық өзіндік ерекшелікке, тактикалық-техникалық сипаттамаға) ұсыныстарды қалыптастырады;

3) әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге бағаларды негіздейді;

4) әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің тактикалық-техникалық тапсырманың (техникалық өзіндік ерекшеліктің, тактикалық-техникалық сипаттаманың) талаптарына және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді;

5) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы төлейтін бюджет қаражатын мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға ғана пайдаланады;

6) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған әрбір шарт бойынша қаржы қызметінің нәтижелерін бөлек есепке алуды жүргізеді;

7) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органның және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалуына және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде берілетін әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтер сапасының сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

8) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде берілетін тауарларды (өнімдерді) өндіру үшін қажетті әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді импорттауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының нормаларын қолданбай жүзеге асырады;

9) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде өндірілген, сатып алынған, жаңғыртылған, жөнделген не техникалық қызмет көрсетуден өткен әскери мақсаттағы

тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартта белгіленген мерзім ішінде істен шыққан жағдайда, олардың істен шығу себептерін анықтау үшін өз өкілдерін дереу жібереді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

27-бап. Әскери өкілдіктердің міндеттері мен функциялары

1. Әскери өкілдіктер мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауды жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылады.

Ұйымдарда әскери өкілдікті орналастыру қажеттілігі қару-жарақты, әскери, автомобиль және арнайы техниканы, техникалық және арнайы құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және жаңғырту ерекшеліктері, аспаптар мен жабдықтардың жоғары дәлдігін, арнайы киім-кешек, арнайы мүлік және жеке қорғану құралдары сенімділігінің жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету қажеттілігі негізге алына отырып, сондай-ақ халықаралық шарттарды және Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау кезінде айқындалады.

2. Әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) беруге, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауға және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуге мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы мен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы арасында жасалған мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттар әскери өкілдіктердің әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау және оларды қабылдап алу жөніндегі қызметті ұйымдастыруы және жүзеге асыруы үшін негіз болып табылады.

Әскери өкілдіктер осы шарттардың негізінде әскери өкілдіктің бақылауына және қабылдап алуына жататын әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтер номенклатурасын әзірлейді, оны мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы бекітеді.

3. Әскери өкілдіктерге:

1) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттардың жобаларын дайындауға және келісуге қатысу;

2) әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасы мен жинақталымын, олардың техникалық құжаттаманың, тактикалық-техникалық тапсырманың (техникалық өзіндік ерекшеліктің, тактикалық-техникалық сипаттаманың) талаптарына және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың талаптарына сәйкестігін тексеру;

3) әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартта көзделген мерзімдерде қабылдап алу, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларға Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нысан бойынша әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасын растайтын куәлікті беру;

4) әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің техникалық құжаттамасын, тактикалық-техникалық тапсырмасын (техникалық өзіндік ерекшелігін, тактикалық-техникалық сипаттамаларын) пысықтауды бақылау, олардың ұлттық стандарттардың, техникалық құжаттаманың, тактикалық-техникалық тапсырманың (техникалық өзіндік ерекшеліктің, тактикалық-техникалық сипаттаманың) талаптарына сәйкестігін тексеру;

5) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау шеңберінде бюджет қаражаты есебінен құрылған немесе сатып алынған материалдық құндылықтарды есепке алуды жүргізу;

6) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылардың әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) әзірлеу және өндіру, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету жөніндегі ұлттық стандарттарды сақтауын бақылау;

7) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылардың әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) әзірлеу, өндіру, жөндеу, жаңғырту, сынау және беру, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету кезінде жүзеге асырылатын мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға және бағалауға қатысуы;

8) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге баға белгілеу

қағидаларына сәйкес тікелей де, кооперация тәртібімен де әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) әзірлеуге және өндіруге, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауға және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуге жатқызылған іс жүзіндегі шығындарды тексеру және келісу жөніндегі міндеттер жүктеледі.

4. Әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау және оларды қабылдап алу кезінде әскери өкілдіктер:

1) әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), олардың агрегаттарын, тораптары мен бөлшектерін өндіру сапасына және оларға сынақтар жүргізуге, сондай-ақ жиынтықтаушы бұйымдар мен материалдардың ұлттық стандарттардың, техникалық құжаттаманың, тактикалық-техникалық тапсырманың (техникалық өзіндік ерекшеліктің, тактикалық-техникалық сипаттаманың) талаптарына сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыруға;

2) әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасына, сынақтардың жүргізілуіне, сондай-ақ олардың ұлттық стандарттардың, техникалық құжаттаманың, тактикалық-техникалық тапсырманың (техникалық өзіндік ерекшеліктің, тактикалық-техникалық сипаттаманың) талаптарына сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыруға;

3) әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге) қабылдау-тапсыру сынақтарын жүргізуге қатысуға;

4) әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге) мерзімдік, біліктілік, үлгілік сынақтар жүргізуге қатысуға және олардың нәтижелері бойынша қорытындылар беруге;

5) өндіру, сынау және пайдалану нәтижелері бойынша әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің) сенімділігіне талдау жүргізуге қатысуға;

6) әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің) сапасы мен сенімділігіне, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылардың қабылданған әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) сақтау шарттарын сақтауына және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге байланысты мәселелер бойынша шешімдердің орындалуын бақылауға;

7) әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндірудің метрологиялық қамтамасыз етілуін,

әскери мақсаттағы жұмыстардың орындалуын және әскери мақсаттағы қызметтердің көрсетілуін, сондай-ақ ұлттық стандарттардың енгізілуін және сақталуын бақылауға;

8) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың талаптары немесе тауардың (өнімнің) сапасы мен сенімділігін қамтамасыз ету бойынша қабылданған шешімдер орындалмаған, оны сынаулардың теріс нәтижелері болған, пайдалану процесінде тауардың (өнімнің) істен шығуын туындатқан ақаулар анықталған кезде, егер бұл ақаулар өндірістегі тауарда да (өнімде де) болса, әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) қабылдап алуды және тиеуді тоқтата тұруға;

9) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың талаптары немесе жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін қамтамасыз ету бойынша қабылданған шешімдер орындалмаған кезде әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауды және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға міндетті.

5. Өндірісі аяқталмаған, жинақталмаған, белгіленген сынақтар жүргізілмеген және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт талаптарына басқа да сәйкессіздіктері бар әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) түпкілікті қабылдап алу туралы куәлікті немесе басқа да құжатты беруге тыйым салынады.

6. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметіне қолданылмайды.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.10.2023 № 33-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

28-бап. Әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді бөлу және беру

Ескерту. 28-бап алып тасталды – ҚР 16.10.2023 № 33-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

29-бап. Рекламация

1. Әскери мақсаттағы тауарларда (өнімдерде), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларда (өнімдерде), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерде пайдалану орны бойынша ақау анықталған не өндірілгені, жаңғыртылғаны, жөнделгені не техникалық қызмет көрсетуден өткені істен шыққан кезде белгіленген кепілдік мерзімі ішінде мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының құрылымдық бөлімшесі мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы арқылы мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органды,

әскери өкілді және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыны дереу хабардар етеді. Бұл тауар (өнім) пайдаланудан шығарылады және оның одан әрі зақымдалуын болғызбайтын әдіспен ақаудың немесе істен шығуының себептерін анықтағанға дейін одан әрі сақтау орнына жеткізіледі.

2. Өндірілген, жаңғыртылған, жөнделген не техникалық қызмет көрсетуден өткен әскери мақсаттағы тауарлардағы (өнімдердегі), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардағы (өнімдердегі), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердегі ақаудың себептерін анықтау үшін мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы өкілдерінің және әскери өкілдердің (болған кезде) қатысуымен бірлескен комиссия құрылады. Комиссияның жұмыс істеу тәртібі мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларында айқындалады.

3. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушының кінәсі анықталған жағдайда, әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер) пайдалану процесінде:

1) тауарлардың (өнімдердің) өздерінің не олардың қосалқы бөлшектері мен жиынтықтауыштарының контрафактілі шығарылғаны;

2) егер мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартта, тактикалық-техникалық тапсырмада (техникалық өзіндік ерекшелікте, тактикалық-техникалық сипаттамада) және конструкторлық-технологиялық құжаттамада, сондай-ақ тізілімнен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыны таңдаған кезде мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органның немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының талаптарының бірі оларды мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушының өзінің өндіруі болса, тауарларды (өнімдерді), олардың қосалқы бөлшектерін және жиынтықтауыштарын мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушының өзінің өндірмегені;

3) тауарда (өнімде) жөндеуге келмейтін ақау анықталған кезде мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыға толықтай ауыстыру үшін қайтарылуы мүмкін.

4. Әскери мақсаттағы тауарларда (өнімдерде), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларда (өнімдерде) жөндеуге келмейтін, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушының кінәсінен болған, жасырын сипаты бар және зауыттық жағдайларда ғана анықталуы мүмкін ақау анықталған кезде, ақаулық мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт шеңберінде берілген барлық тауарларда (өнімдерде) бар деп пайымдауға негіздер болса, тауарлардың (өнімдердің) барлық сериясы қайтарылуға жатады.

5. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) не олардың сериясын оларды кейіннен ауыстыра отырып, өз бетінше кері

қайтарып алуға құқылы. Бұл ретте ауыстыру мерзімі мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыға салынатын айыппұл санкцияларының сомасына ескеріледі.

6. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушының кінәсі анықталған кезде оған айыппұл санкциялары салынады, олардың мөлшері мазмұны мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларында айқындалатын мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған үлгілік шартта әскери мақсаттағы тауарларда (өнімдерде), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларда (өнімдерде), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерде ақау анықталғандығы не мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде өндірілгенінің, жаңғыртылғанының, жөнделгенінің не техникалық қызмет көрсетуден өткенінің істен шығуы туралы хабарлама алынған күннен бастап белгіленген кепілдік мерзімі ішінде анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі жұмыстар аяқталғанға дейін белгіленеді.

7. Егер комиссия мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде өндірілген, жаңғыртылған, жөнделген не техникалық қызмет көрсетуден өткен әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) дұрыс пайдаланбаудың және олардың істен шығуының арасындағы себептік-салдарлық байланысты анықтаса, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушының кінәсі танылмайды.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.10.2023 № 33-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

30-бап. Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

31-бап. Өтпелі ережелер

1. Қорғаныстық тапсырысты орындау жөніндегі операторлар мен қорғаныстық тапсырысқа мемлекеттік тапсырыс берушілер арасында осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттар олар түпкілікті орындалғанға не тоқтатылғанға (бұзылғанға) дейін қолданылады.

2. Уәкілетті орган мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың

мүдделерінде қорғаныстық тапсырысты орындау жөніндегі операторлармен 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартты жасасады.

32-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң:

2019 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін 20-баптың 2, 3, 5 және 7-тармақтарын;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 6-баптың 39) және 40) тармақшаларын, 19-бабының 4-тармағын, 22 және 23-баптарды қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. "Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 15-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 17, 78-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат) күші жойылды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. НАЗАРБАЕВ